

Дүйсенов Б.Д.

**АРАБЧА-КЫПЧАКЧА СӨЗДҮКТҮН
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫК ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ**

Дүйсенов Б.Д.

**ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
АРАБСКО-КИПЧАКСКОГО СЛОВАРЯ**

B.D. Duisenov

**THE LEXICO-SEMANTIC PECULIARITIES OF THE
ARABIC-KIPCHAK DICTIONARY**

УДК: 811.512.1.09

Макалада XIII-XIV кылымдарда Мисир менен Шамда эски кыпчак тилинде жазылган «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-лугат ит-түркийя ала ат-тамам вал-камал» - «Түрк тилдеринин толук жана бүкөрүлгөн инжу-маржан китеби» аттуу эстелик-сөздүктүн лексика-семантикалык өзгөчөлүктөрү талкууга алынат. Кол жазма 24 баптан (фасл) турат да, болжол менен 1214 сөздү камтыйт. Сөз – тил системасындагы такай өзгөрүүгө кириттер болуп турган бирдик. Андыктан бүгүнкү күнгө жеткен бул арабча-кыпчакча сөздүктү башика эстеликтер менен, ошондой эле жандуу түрк тилдери менен салыштырып кароо аркылуу анын ар кандай семантикалык өзгөчөлүктөрүн ачып көрсөтүүгө болору анык. Макалада лексикологиялык изилдөөнүн салттуу ыкмасынын алкагында эстеликтин лексикалык кору ар кандай лексика-семантикалык топторго бөлүштүрүлүп жана азыркы казак тилинин фактылары менен салыштырылып каралат.

Негизги сөздөр: Мисир, Шам, XIII-XIV кк., «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-лугат ит-түркийя ала ат-тамам вал-камал» жазма эстелиги, эски кыпчак тили, лексика-семантикалык өзгөчөлүктөр.

В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности старокыпчакского языка по данным памятника «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-лугат ал-туркийя ала ат-тамам вал-камал» - «Полностью завершённая книга сверкающей сокровищницы тюркских языков», которая было написано в XIII-XIV веках в Египте и Сирии. Памятник, состоящий из 24 глав (фасл), содержит около 1214 слов. Путём сравнительного изучения материалов других письменных памятников того же периода, а также данных современных тюркских языков, выявляются семантические особенности этого словаря. Одновременно производится сопоставление данных памятника с данными современного казахского языка. Путём группировки лексического состава рассматриваются лексико-семантические особенности данного письменного памятника старокыпчакского языка.

Ключевые слова: Египет, Сирия, Золотая Орда, XIII-XIV вв., памятник «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-лугат ит-түркийя ала ат-тамам вал-камал», старокыпчакский язык, лексико-семантические особенности.

This article discusses the lexical and semantic features of the old Kipchak language according to the monument "Kitab al-durra al-mudiyā Fil-lugat al-turkiya ala at-tamam wal-kamal" - "Fully completed book of the sparkling Treasury of Turkic languages", which was written in the XIII-XIV centuries in Egypt and Syria. The monument, consisting of 24 chapters (FASL), contains about 1214 words. By comparative study of the materials of other written monuments of the same period, as well as the data of modern Turkic languages, the semantic features of this dictionary are revealed. At the same time, the data of the monument is compared with the data of the modern Kazakh language. By grouping the lexical composition the lexical and semantic features of this written monument of the old Kypchak language are considered.

Key words: Egypt, Syria, the Golden Horde, XII-XIV centuries, a monument "Kitab al-durra al-mudiyā Fil-lugat al-turkiya ala at-tamam wal-kamal", old Kipchak language, lexical-semantic features.

Тилдің лексикасын тануда оның сөздік қоры мен лексикалық құрамын анықтап, қаншалықты кең көлемде дамып тарағанын қарастырудың нәтижесінде ғылыми негізге жол салуға болады.

Мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Мәмлүктер Мысыр мен Шам елінде қыпшақтар диаспорасы болғанымен, тілдік қорында қазіргі түркі халықтарының тілімен тұтас, бірізділік байқалады. Оның дәлелі біз қарастырған «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-лугат ит-түркийя ала ат-тамам вал-камал» - «Түркі тілдерінің толық және тәмамдалған інжу-маржан кіта-

бы» қолжазбасының материалдары. Флоренциялық бұл арабша-қыпшақша сөздіктердің зерттелу тарихына үңілсек, А.Зайончковский: «Содержание этого манускрипта и оформление его не оставляет никакого сомнения в том, что данное сочинение написано в период государства Мамлюков и включает богатый и полноценный материал по кипчакскому языку» [1, 37] деген болатын.

«Жарқыраған інжу-маржан» жазба ескерткішінің атында айтылғандай және А. Зайончковскийдің берген бағасына лайық бұл ескерткіш Мәмлүк қыпшақтары пайдаланған тілді толықтай қолданып және сөздік қордың мол мұрасын жинақтап жазылған еңбек.

Жалпы қолжазба 24 тараудан (фасл) тұрады. Әр тарау мазмұны мен стилдік топтарына қарай жіктеліп, тақырыптарға бөлінген. Бұл 24 тараудың 23 тарауы толықтай қазіргі заман сөздіктері сияқты жеке түркі-қыпшақ сөздерінің араб тілінен аудармасы. Соңғы 24 – тарау сөз тіркестері мен сөйлемдерден тұрады. Ескерткіштің құрылымына назар аударсақ өте сауатты жазылғаны бірден аңғарылып тұр. Бастапқы 23 тарауда жеке сөздерді келтіріп, соңғы тарауда сол сөздерді сөйлескенде қалай пайдалану керектігін үйрету үшін арнайы «тілашар» іспеттес жазған болуы керек. Сондықтан сөздердің негізгі қоры жеке тұлғада тұр. Ескерткіште кездесетін сөздік қордың жалпы санын анықтау үшін картотекалар түзіп, статистикасын жасадық. Алдымен атау сөздерді алфавиттік қатарға түсірдік. Қолжазбада шамамен **1214** сөз бар. Негізінен ескерткіштің өзінде көбі атау сөздер, сондықтан соңғы бөлімдегі сөйлемдердегі етістіктер мен сөздіктегі сөз тудырушы аффикстер арқылы жасалған туынды сөздерді, басқа сөз таптарының барлығында тұрған тұлғадағы сөздерді, араб-парсы және т.б. кірме сөздерді қостық, бірақта жәдігерлікте қайталанып кездесетін сөздерді есепке алған жоқпыз (мысалы, *yaḥṣī* بِأَحْسَى жақсы (3b,14; 3b,16; 14b,8; 20a,8; 21a,12; 21b,14; 22a,14; 22a,14; 22a,16) сөзі 9 рет қайталанады, бұны біреу деп санадық). Енді

сөздерді алфавиттік қатарға салып көрсетсек мынадай болып шығады: **A** (أ, إ) әрпінен басталатын сөздер саны – **97**, **B** (ب) -**114**, **C** (ج) -**8**, **Č** (چ, ح) -**18**, **Ḍ ḍ** (ض) -**8**, **D** (د) -**26**, **E-22**, **G-3**, **H** (ح) -**7**, **Ĥ** (خ) -**10**, **I-3**, **Ī-35**, **K-97**, **L-8**, **M-27**, **N-16**, **O-25**, **Ö-12**, **P-10**, **Q-123**, **R-1**, **S-133**, **Š-50**, **T-131**, **U-12**, **Ü-10**, **V-22**, **Y-180**, **Z-4**;

Статистикаға үңілсек ең көбі **Y (180)** әрпінен басталатын сөздер де, ең азы **R (1 сөз ғана)** әрпінен басталатын сөз екен. Бұдан қыпшақ тілдерінде **p** әрпі көбіне сөздің ортасы не аяғында ғана кездесетінін байқауға болады, тек кірме сөздердің ғана басында тұрады.

Бұл ескерткіштің мол сөздік қоры арқылы басқа қолжазбаларда кездеспейтін сөздерді табуға болады. Ескерткішті зерттеу барысында бұрыннан бері түркітану ғылымында белгілі сөздерден гөрі, әлі күнге қазақ тіл білімінде кездеспеген сөздердің, кездесе де толықтай этимологиясы анықталмаған сөздер мен мүлдем бұрын жолығыспаған сөздердің туатүп түбірін қыпшақ тілдері тобына жақындастыра қарастырып немесе қазақ тілінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестерінен іздестіріп, зерделеп, зерттеуге тырыстық. Әсіресе, бұнда М. Қашқари, Абу Хайян сияқты ғұламалар ұстанған жол, яғни шама келгенше араб-парсы және т.б. тілдерден енетін кірме сөздерді қолданбау принципі қатаң сақталғаны көрініп тұр.

Жазба ескерткіш тілінде берілген сөздер ескі қыпшақ ауызекі тілінде жиі қолданылған лексемаларды қамтығандығы байқалады. Олардың басым бөлігі басқадай да ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде, сондай-ақ қазіргі қыпшақ, жалпы түркі тілдерінде кездесіп отырады. Қолжазба авторы ескерткіш мәтінін түзгенде тізімге алынған лексемаларды мүмкіндігінше мағыналық тұрғыдан топтастыруға ұмтылған. Мұның басты себебі еңбектің «сөздік-тілашар» бағытында түзілгендігіне байланысты деп білеміз.

Сөз – тілдің өзгерістер мен құбылыстарға түсіп отыратын құралы. Сондықтан, сонау ғасырлардан бізге жеткен бұл арабша-қыпшақша сөз-

дікті басқа жәдігерліктермен және тірі түркі тілдерімен салыстыра қарастыру нәтижесінде біз оның сан-салалы семантикалық өзгешеліктерін аңғарамыз. Ол үшін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып, лексикологиялық зерттеудің дәстүрлі жолымен қарастырсақ:

– осы күнге дейін жеткен, сол күйінде сақталған сөздер;

– семантикалық өзгеріске түскен немесе түбірде сақталып қалған сөздер;

– қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстан шығып қалған сөздер – деп бөлуге болады.

Бірінші топтағы осы күнге дейін жеткен, сол күйінде сақталған сөздер қатарын бұл қолжазбадан көптеп кездестіруге болады: **құмырсақа, кіліт, тұзақ, таразы, қарға, қаз, тобық, таныш, біліш, ақ, қара, үзеңгі, тай, қодұқ, кірпі, тазы, ійт, қаблан, айу т.б.**

Сан ғасырлардан бері тілдің бір қалыпты емес даму нәтижесінде сөздік қор әрқилы өзгерістерге (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық) түсіп отырады. Әсіресе, лексика-семантикалық тұрғысынан сөз өзінің бұрынғы мағынасы мен тұлғасын өзгерістерге ұшыратады. Осы күнгі сөйлеу, әдеби, жазба тіліміздегі сөздердің мағынасы осыдан талай ғасыр бұрын пайдаланылғанындай емес, өз қалпынан ауысып, мағыналық өзгерістерге ұшыраған. Әйтсе де, семантикалық өзгеріс болғанымен, негізгі туатүп түбірлері бір екені байқалып тұрады. Біздің зерттеуіміздегі қолжазбада *екінші топқа* жататын мағыналық өзгерістерге ұшыраған, бірақ тұлғасы сақталған сөздер біршама кездеседі: **bangi** بَانْجِي гашиш (ба,6) **бәнг** деген парсы тілінен енген сөз, қазіргі қазақ тілінде фонетикалық формасы өзгеріске ұшырап, сонымен қатар семантикалық қалпын өзгертіп, ҚТТС-те **бәңгі** – «есалаң, есуас адам» дегенді білдіреді;

Сондай-ақ, ескерткіште кездесетін **kökürmek** كُورْمَك найзағай (күннің күркіреуі) (2b,6) **көкүрмек** сөзі ескі қыпшақ тілінде зат есім тұлғасында қолданылса, қазіргі тілде тек қана **күркіреу** тұйық етістіктің қызметін атқарады; Тағы да, ескерткіште кездесетін **çetlevük** چَتْلَوُك фисташки

(5a,14) **четлеуук** – пісте, фисташки сөзі назар аудартады. Қазіргі тілімізде **шаттауық** деген сөз бар, бірақ ол Батыс-Қазақстанда **картоп** (диалект) деген мағынаны білдіреді. Сол секілді **шекілдеуік** сөзінің де сыртық формасы ғана ұқсап қоймай, мағынасы да жақындайды. Себебі Ә.Құрышжановтың «Түрік-араб сөздігі» зерттеу монографиясында **четлейік** тұлғасында тұрған сөзге ары қарай «далее в ркп. объясняется, они так названы потому, что производят трескучий звук, когда их разбивают» деген дәлел келтіреді [2, 218]. Бұл сөз ескерткіште **жаңғақ, фисташки** мағынасында қолданылса, қазіргі қазақ тілінде **шекілдеуік** бір затты шекіп, сындырып алу тұлғасындағы мағынаға ауысқан ұқсас сөз.

Үшінші топқа енетін қазіргі қазақ тілінен қолданыстан шығып қалған сөздер: **күнеш (күн), кәши буйнузи (қарабидай), кіраз (қара өрік, алхоры), хут (бұршақ, горох) т.б.**

Сөздіктің лексикалық қоры мен сөз байлығы біріншіден, **көне түркі X-XI ғасырға дейінгі жазылған жазба ескерткіштері** тілінде (Орхон-Енесей, Талас жазба мұралары), екіншіден, **ортағасыр түркі (оғыз-қыпшақ) жазба ескерткіштері** тілінде (ИЛТАС [2], БМ [3], АЗ [4], КҚС [5], Абу Х [6], ҚХШС [7]) үшіншіден, **қазіргі қыпшақ тобына жататын түркі тілдері** жазба ескерткіштерінде молынан сақталған.

Тіл – сөздік қорын үш бағыт бойынша жинайды: 1) *жалпы туыс тілдерге ортақ сөздер* (түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ, топтарының барлығына бірдей сөздер); 2) *жақын туыс тілдерге ортақ сөздер* (қыпшақ тілдеріне ғана тән сөздер); 3) *тек өзіндік сөйлеу тіліне ғана тән сөздер* болады (бір жазба ескерткіште бар сөз басқа жазбаларда болмайды). Ондай сөздер өзіндік амал-тәсілі арқылы жасалып, тарихи шығу тегі ұмытылады. Олар көбіне-көп тарихи себептермен басқа туыс түркі тілдеріне болсын таралмай, дамымай қалады [8, 262]. Сол сияқты «Китаб ад-Дурра...» сөздігінен басқа жазба мұраларында да, қазіргі түркі-қыпшақ тілдерінде жоқ сөздер кездеседі: **yathari** يَثَارِي артынша, соңынан

(3b,2), **tüyre** **تۇيرا** (8b,13; түйре, шашлыктын етін тизетін сым);

Ескі немесе қазіргі түркі тілдеріне тән грамматикалық ерекшеліктер мен ортақ сөздер мәмлүк қыпшақтары тілінде сан алуан түрде кездеседі. Олардың мағынасы мен сыртқы формасы ұқсас, кей-кейде фонетикалық едәуір өзгерістері мен айырмашылықтары болады. Ескі қыпшақ тілінің кейбір элементтері өзінің сөздік қорына ғана тән сөздер болмаса, көбінесе ескі не қазіргі түркі тілдерінің бірінде болмаса бірінде кездеседі. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі оғыз, қыпшақ, қарлұқ топтарының барлығына бірдей болғандықтан «Китаб ад-Дурра...» сөздігін бәрімен қатар салыстыра отырып, ортақтастыра қарастырамыз. **Көне түркі тілдеріне ортақ сөздер:** күнеш «күн» (күн), ау, ауу (аю), kolke (көлеңке), секис (сокқыш, балға), сегірге (шегіртке), соқпар (шоқпар), қамсі (қамшы), sal, cal (күлгін түс), сісқан (тышқан), tavsap (қоян), korek (ит), qurt (қасқыр), arslan (арыстан), kesi, kesi (ешкі) т.б.

Ортағасыр түркі (қыпшақ) жазба ескерткіштеріне ортақ сөздер де көптеп кездеседі. «Китаб ад-Дурра...» сөздігінің материалдарын біз «Түрік-араб сөздігі», «Дивани лұғат ат-түрік», Кутбтың «Хусрау уа-Шірін» сөздігі, «Ат-тухфат аз-закиату» сөздігі, «Кодекус Куманикус», «Бұлғат ал-муштак», Абу Хайанның «Китаб ал-идрак» сөздігі сияқты өзі тұстас ескі қыпшақ жазба жадыхаттарымен салыстырдық. Соның нәтижесінде байқағанымыз, фонетикалық ерекшеліктері болмаса, ортақ, яғни ұқсас сөздер көп ұшырасады: sugu (табын), qouun (қой), qocqar (қошқар), buzaqu (бұзау), iynek (сиыр), burg (бұрыш), sogan (пияз), turp, turma (шалқан), gesur (сәбіз), yag (сары май), tuturgan (күріш), mercimek (чечевица), bacla (бобы) т.б.

Өзге тілден ауысқан сөздер. «Китаб ад-Дурра...» сөздігінде басым көпшілігі араб парсы тілінен ауысқан элементтер. Моңғол тілінің түбі бір алтай тілдері болғандықтан, оның таза моңғол сөзі ме, әлде түркі сөзі ме ажыратудың өзі қиын. «Қазақ, моңғол тілдеріндегі негізгі ұйтқы сөздік қордың айтылу жүйесі тарихи фонетика

тұрғысынан ұқсас келеді. Бұл екі тілдің морфологиялық құрылысында да бірқатар ортақтықтар бар. Ал сөйлем құрылысы негізінен алғанда бірдей» деген алтай тілдерін зерттеуші ірі ғалым Б.Базылханның тұжырымының үлкен негізі бар [9, 372]. Сондықтан, ескерткіште моңғол сөздері кездеспейді. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінде көбіне-көп араб-парсы сөздері ұшырасады, ал моңғол сөздері жоқтың қасы, «оның бір себебі мынада: мәмлүк мемлекетінің Бейбарыс бастаған қарулы күштерінің моңғол басқыншыларын жеңіп шығуы» [10, 116].

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер өзінің бастапқы айтылуынан фонетикалық, семантикалық өзгешіліктерге ұшырап, ауысып отырған. Ескерткіштегі араб-парсы кірме сөздері: талышман (14,5,1) – парсы тілінде (әрі қарай п.т.) бұл формада л - н дыбыс алмасулары (*талишман-танишман*) түркі тілдеріне тән құбылыс. *Шәгірді* (қолбала деген мағынада қолданған), *нөкер*, *баһа* п.т. (баға, оценка), *кафтан* (кафтан), *тулбабд* (шалма), *хорос* п.т. *қораз*, *шырақлық* (парсының *siray* сөзі мен түркінің *лық* түрлендіруші жұрнағы арқылы жасалған), *жаттан* (қайық немесе корзина, себет мағыналарында пайдаланылған араб сөзі), *ахур* (ақыр, оттық мағынасында, арабтың салыстырыңыз: - конюшня, атқора сөзіне сәйкеседі, *аратма* (носилка немесе арба мағынасында, салыстырыңыз: арабша: *хайуан* араб тілінде (әрі қарай ар.т.) (хайуан), *гешүр* п.т. *gazar* (сәбіз), *қоз* – п.т. (горох, бұршақ), *тархна* п.т. *тархина* (қышқыл сүттен жасалатын тағам түрі), *бәнг* п.т. *bang* (анаша), *шафталу* п.т. (персик, шабдалы), *кәстәнә* п.т. (каштан), *хурма* ар.-пар.т. (құрма), *һйуа* ар.т. (айва), *фундуқ* п.т. (финики, құрма), *анар* п.т.(гранат, анар), *қауз* - ар.т., *һауз* (қауыз), *қына* – ар.т. *һина*, *зиан* – ар.т. *зиан* (зиян), *шекер* – ар.т., *гүләф* – п.т. *фәріште* – п.т. (періште), *мусулман* – ар.т., *душман* – п.т., *бинар* – п.т., *бибер* (бұрыш), *гүлі* – п.т. *роза*, *тәнә* - п.т. (дән), *зардалу* – п.т. (сары), - *өрік*, *жулбан* – ар.т. (горох), *устара* – п.т. *остор* «қырыну» деген сөзі мен -а жұрнағы арқылы жасалған (ұстара), *шаулдыз* – п.т. (ине), *ходжа* – ар.т., *сабах йел* – ар.т. –

таң (таңғы самал жел), *суруф йел* – ар.т. (самал жел), *гаурат* – ар. - п.т. (әйел).

Қорыта келе айтқанда, «Китаб ад-Дурра...» жазба ескерткішінің тілдік қоры өте бай. Әсіресе, жоғарыда көрсетілгендей түркі жұртының барлығына ортақ сөздердің қатары көптеп кездеседі. Сондықтан да XIII-XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде билікте болған сұлтандардың ресми тілі болған қыпшақ тілінің лексикалық қорын зерттеп, қазіргі қазақ, қырғыз, татар, башқұрт және т.б. түркітөктес тілдермен салыстырып-салғастырып зерттеудің келешегі кемел болары анық.

Адабияттар:

1. Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь из государства мамлюков. «Народы Азии и Африки», №3. - Москва: изд. «Наука», 1964. - С. 111-116.
2. Курышжанов А.К. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». - Алмата, 1970.
3. Zajaczkowski, A., Słownik arabsko-kipczackiz okresu Państwa Mamelouckiego, Buġat al-muštāq fi luġat al-Turk wa-l-Qifzāq, ześc. II Verba. POZO, Bd. 1, 86 u. 138 (Vocabulaire arabe-kiptchak), Warszawa 1954;1958.
4. Atalay, Besim, Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fi'l-lûgat-i't- Türkiyye, İstanbul,1945.
5. Муталлибов С.М. Аттуһфатуз Закияту фил луғатит түркия. - Ташкент, 1968.
6. Фазылов Э.И., Зияева М.Т. Изысканный дар тюркскому языку, Грамматический трактат XIVв. на арабском языке. - Ташкент, 1978.
7. Жұбанов А.Қ., Куманша - қазақша жиілік сөздік / А.Қ.Жұбанов, А.Қ.Құрышжанов А.Қ., А.Б.Белботаев. - Алматы: ҚазССР ҒА - Тіл білімі институты, 1978. - 277-б.
8. Есбосынов Е.З. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктер (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIV ғ.). Алмата, 2006, 240-бет.
9. Ибатов А. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. Алмата, 1974.
10. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алмата, 1971.
11. Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. - Улан-Батор, 1977. - 372-б.
12. Боранбаев С.Р. «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XIV ғ.ғ.). - Шымкент, 2005. - 180-бет.

Рецензент: д.филол.н., профессор Усмаметов Б.Ж.